

02.06.2022 ж. № U00040

Математика сабағында жаңа технология элементтерін қолдану

ТАТЕНОВА АНВАРА НАРМЕТОВНА

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қайнар ауылы

№22 А.С.Макаренко атындағы жалпы орта мектебінің

математика пәні мұғалімі

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу.«Надан жұрттың күні –қараң, келешегі тұман», - деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ.Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет- оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру.

Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Оқушы қабілеті дегеніміз- оның педагогикалық ықпал аясында білім алу әрекеті, жеке тұлғаны дамыта оқыту әдістері, оның шығармашылық қабілетінің дамуына әсерін тигізеді.Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп– кеме, білім– теңіз дейміз, ал осы кемеңі мектептегі біздің шәкірттеріміз десек, кеме теңізде жүзген кезде дауылға, қарлы жаңбырға қарамай, қиындықтарды жеңе отырып алға жүзеді.

Біздің балаларымызда білім мұхитында білімнің көшбасшысы болып жаһандық білім теңізінде еркін жүзуі үшін өткізетін сабақтарымыз қазіргі заман талабына сай жан-жақты жетілген күзіретті тұлға қалыптастыруға бағытталу керек. Тәуелсіз еліміздің жан-жақты қарыштап дамуы қоғамды инженер-техник мамандармен, физика-математика, техника, жаратылыстану саласындағы ғылымдармен қамтамасыз етуді талап етеді.Ал ол бүгіннен, яғни біздің әр күнгі беретін сабағымыздан басталады.

Оқушыны мектеп қабырғасынан тыс өмірге бейімдеу үшін оларды күнделікті өзін-өзі реттеуге, өз білімін өз бетімен алуды ұйымдастыруға, өзін және өзгелерді бағалай білуге, қиын мәселелерді шешуде ұтымды жолды таңдай білуге, мәселеге сыни тұрғыдан қарап, баға беруге үйретуіміз керек.

Әрине мұның бәрін өз сабақтарымызда біртіндеп жүзеге асыруға тиістіміз. Ең бірінші оқушыны өз пәнімізге қызықтыру керек. Ал оқушы қай жағдайда оқуға қызығады?

Ал бұл үшін алдымен мектептегі оқу-тәрбие ісін пайдаланудың ғылыми негіздерін, атап айтсақ, физика және жаратылыстану, математика, информатика пәндерін оқытудың жаңа жолын жасаудың педагогикалық, психологиялық, дидактикалық негіздерін айқындап, зерттеу кезек күттірмейтін іске айналуы тиіс. Осы технологиялардың бірнеше түрін көрсетуге болады.

Білім беруді ізгілендіру технологиясы – оқушыны азамат етіп тәрбиелеу , олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату. (Ш.Амонашвили)

Ойын арқылы оқыту технологиясы – дидактикалық , тәрбиелік , дамытушылық , әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойындық іс - әрекеттің педагогикалық механизмі жеке бастық , өзіндік талап – талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік , танымдық , шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. (Л.С.Рубинштейн , Д.Б.Эльконин , З.Фрейд)

Проблемалық оқыту технологиясы – оқушының өз бетімен ізденуге үйрету , олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту.

Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы – (В.Ф.Шаталов) мынаны көздейді - білім, білік , дағдыны қалыптастыру , барлық баланы оқыту , оқытуды жеделдету.

Түсініктерді қабылдау арқылы оқыту технологиясы – (С.Н.Лысенкова) барлық баланы табысты оқыту. Оқу материалының бірізділігі , жүйелілігі , саралау , әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлығы , бағдарламаның кейбір тақырыптарының қиыншылықтарын жеңу , қиын тақырыптады біртіндеп оңайлату әдісін қолдану.

Деңгейлеп саралап оқыту – міндетті нәтижелерге негізделген . Білім , білік , дағдыны меңгерту , мемлекеттік стандарт көлемінде білім беру. Әр оқушыны оның қабілетімен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту , оқытуды оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес бейімдеу , ыңғайлау.

Бағдарламалап оқыту – (Б.Скиннер , Н.Краудер , В.Г.Беспалько) ғылыми негізде түзілген бағдарлама негізінде оқытудың тиімділігін арттыру , баланың жеке қасиеттерін ескере отырып оқыту.

Оқытудың компьютерлік технологиясы – ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыру және қатынас қабілетін дамыту , жеке басты ақпараттық қоғамға даярлау. Мұнда оқыту оқушының тікелей компьютермен қатынасы арқылы орындалады.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы - (Л.Джинна Стил , С.Куртик) Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы , қажетке жарауын қалыптастырады.

Өз-өздігінен даму технологиясы – (М.Монтессори) баланы жан – жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемімен ойлау әреке - тінің бірігуі. Оқыту баланың дамуына сәйкес табиғи болуы керек , сонда бала өзін - өзі дамытады.

Дамыта оқыту технологиясы –(Л.С.Выготский , Л.В.Занков , Д.Б.Эльконин . В.Б.Давыдов) баланы оқыта отырып жалпы дамыту , яғни бала бойында еркіндік , мақсаткерлік , ар – намыс қасиеттерін дамыту.

Модульдік оқыту тетехнологиясы – (В.Б.Монахов) оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық үрдісті түзу , мұғалімге нәтижені талдап , түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру . Оқушылармен жүргізілетін қиындықтың алдын алу және түзету жұмысының жүйесін жасау.

“Ойын технологиясы” оқытуды ойын түрінде белсенді ұйымдастыру болып табылады. Ойындар оқушыларды өз бетінше жұмыс істей білуге дағдыландырады, ойлау қабілеттерін, ізденімпаздығын арттырады, сөздік қорларын молайтады. Ойынды қолдану сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенділік танытып, материалды қажетті деңгейде игеруіне ықпал етеді. Ойындар мазмұны баланы қызықтыра алатындай құнды болуы керек. Ойын әрекеті сабақта игерілген білім, білік, дағдыға сүйене отырып оқушылардың өзіне және басқаға сын көзбен қарап, тиімді шешім қабылдауына мүмкіндік туғызады, .«Қояндарды құтқару», «Аңшы мен үйрек» ойыны, «Балық аулау» ойыны. Семантикалық карта, «Ұста, ұстама» ойыны» ,«Дұрысын анықта» ойыны, «Жаңылмадым» ойыны.

1 «Аңшы мен үйрек» ойыны. Бұл ойынға 4 оқушы шығады. Ойынның шарты бойынша аңшы оқушылар бірінші есеп шығарып болса, үйректерді торларына түсіреді. Ал үйрек оқушылар тапсырманы бірінші орындаса тордан құтылып кетеді.

2. «Балық аулау» ойыны Балықшылар өзеннен балық аулайды. Бізде бүгінгі сабақта балық аулаймыз. Ойынның шарты бойынша балық аулап, берілген тапсырманы орындаймыз

3. Семантикалық карта Кестеде тігінен тапсырмалар берілген, ал көлденеңінен жауаптары берілген. Тапсырма мен дұрыс жауап сәйкес келетін клеткадағы әріптерді тізіп жазсақ, жақсы ой сөйлем шығады.

4. «Дұрысын анықта» ойыны. Қате және дұрыс жазылған ереже немесе формулалардың дұрыстығын анықтайды.

5. «Ұста, ұстама» ойыны . Қорытынды ретінде оқушылар бір-біріне тақырып бойынша әр түрлі сұрақтар бере отырып, допты лақтырады, допты ұстаған оқушы тез жауап беріп, ұпай жинау керек. Егер жауап бере алмаса топтан ұпай кемітіледі.

Осылай топ оқушылары кезек-кезек допты лақтырып сабақты қорытындылайды. Мысалы, 5 сыныпта алғаш сабақты бастағанда оқушылардың көбейту таблицасын сұрау барысында тізбектеліп көбейту әдісін қолдануға болады. «Сандардың бөлінгіштік белгілері» тақырыбын бекіту барысында осы ойындарды қолдандым. Оқушылар әрі топқа бөлінді, әрі білімдерін тексердім. Сонымен қатар деңгейлеп оқыту технологиясын қолданғанда оқушының психологиялық, теориялық дайындығын есепке алады. Олардың намысы оянады, басқалардан қалып қоймауға тырысады. Бұл технология дамыта оқытуға көмектеседі. Себебі оқушы ойын, ынтасын, белсенділігін көрсетеді, Олардың білім алуларына мүмкіндік береді. Дамыта оқыту технологиясы оқушының ізденісін, талпынысын, өз бетімен жұмыс істеуін қалыптастырады. Бүгінгі таңда адамзат ойының қарыштап дамып жатқан кезінде сауатты оқушы дайындаудың жүгі өте ауыр. Ол үшін бүкіл оқыту әдістерінің ең тиімділерін қолдану қажет. Бұл тұрғыда электрондық оқулықтың атқарар рөлі зор. Электрондық оқулықпен оқыту мұғалімнің оқушымен жеке жұмыс істегеніндей болады. Білім мазмұнын деңгейлік түрде ұсыну дамыта оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, өйткені оқулық та тапсырмалар да деңгейленіп жасалған, оны біртіндеп деңгей бойынша меңгереді, және мұндағы білімнің кейбір жетекші элементтерін: фактілер, ұғымдар, ережелер, заңдылықтарды т.б. оқушылардың өздері ашады

I. Оқушылық деңгейде бала мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін пайдаланады. Өнімсіз – репродуктивтік деңгей – мемлекеттік стандарттың ең аз қажетті көлемін қамтиды.

II. Алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді.

III. Эвристикалық деңгейде мақсат ашық, ситуация түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді, яғни бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады. Бұл деңгей - өнімді деңгей.

IV. Шығармашылық деңгей – мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі. Деңгейлік тапсырмалардың алғашқы үш деңгейі мемлекеттік стандарттың міндетті деңгейін құрайды. Төртінші деңгейде шығармашылық тапсырмаларын оқытушы жеке баланың қабілетіне қарай өзі құрастырады. 7 модуль бойынша оқыту, ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Ақпараттық технологияны қолданудың тиімді жақтарын зерделей келе, үздіксіз жүйелі жұмыс жасау – үлкен нәтижелерге жеткізеді және білім сапасын да арттырады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі сабақ кешегі сабақтан өзгеше ал ертеңгі сабақ бүгінгі сабақтан жақсы болуы тиіс. Міне егер сабақтарымызды жүйелі түрде жоспарлап, мақсаттарымызды айқындап алатын болсақ осы мақсатқа жету жолында оқытудың озық технологиясын тиімді пайдалана білсек оқушыларға терең де берік білім бере аламыз деп ойлаймыз. Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын.

02.06.2022 ж. № U00041

Оқуды бағалаудың тиімділігі

ТУРСИНОВА НУРЖАМАЛ АЛТЫНХАНОВНА

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Бабата ауылы

М.Маметова атындағы жалпы орта мектебінің

математика пәнінің мұғалімі

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай - ақ баланың дамуы, оқуы, ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік және күш жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады.

Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау модулінің тиімділігі қандай? Осы уақытқа дейінгі мектептегі бағалау тек қана мемлекеттік емтихан нәтижесімен сертификат алуға, тоқсандық қорытындыларды шығаруға арналған ресми тәсіл болып келді. Ал енді деңгейлік курстан өткен соң мен бағалаудың мәні мен мақсаты жөніндегі теорияны меңгергеннен кейін бағалау туралы ойым мүлде өзгерді.

Бағалау – одан арғы оқу туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

Демек, дұрыс жүргізілген бағалаудың оқушының білім алуына ықпалы, маңызы зор.

Жалпы бағалау ұғымы «жақын отыру» деген мағына береді. Мұндағы менің түсінігім – оқушы мен оқушының, мұғалім мен оқушының ыпалдаса жұмыс жасауы.

Сабақ барысында өтілген тақырыпты шолу жасап, жаңа сабақты меңгертуде болсын, топпен жұмыс жасап, жазу жұмыстарына назар аударуда да сыныптағы оқушылардың барлығын бірдей бағалай алмайсың.

Сыныптағы кейбір оқушылар тапсырмаларды орындауда белсенділік танытып, қосымша қойылған сұрақтарға да жауап беріп отырады. Ал, кейбір оқушылар жазба жұмыстарына жақсы атсалысып, қосымша сұрақ қойғанда іркіліп қалады, мұндай жағдайда оқушыға осы әрекеті үшін ғана бағалап қана қоймай, сабақтың келесі кезеңдеріндегі бағаланатын әдіс-тәсілдерге араластыру арқылы бағалауға болады.

Сабақ барысында бағалау кезеңі оқушы үшін де, мұғалім үшін де маңызды сәттердің бірі екені сөзсіз. Оқушының білімін бағалау арқылы, оның түсінігінің қай деңгейде екенін көруге болатын еді. Ал, қазіргі жаңа оқыту әдістемесі, яғни оқу үшін бағалау модулінің идеясы бойынша оқушының ары қарай оқуға деген зейінін арттыруға, ынталандыруға, өзінің бағасын өзі шығаруға, өзгені бағалауға қатыса алатынын, критерий арқылы өздерінің бағасын түсінетін және әділ екенін үйрететін үдеріс екенін бағдарлама барысында алған теориялық білімімізді мектептегі іс-тәжірибемен ұштастырғанда ғана түсіндім.

Мен деңгейлік курстағы алған білімдерімді мектептегі тәжірибемен пайдалану кезеңінде оқушыларды бағалау үшін алдымен оқушылардың нені білетіндігін және нені істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтап алу мақсатында ойлана келе, бағалау арқылы оқытуды жақсарту үшін оқушылармен кері байланысты қамтамасыз ету керек деп шештім. Мұғалімнің ғана емес оқушылардың да өзіндік оқуға белсенді қатысуы қажет. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгертудің маңызы зор. Балалардың өзін-өзі бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсінуі қажет. Бұл өз кезегінде білім алуға түбегейлі түрде ықпал етеді.

Оқушылардың сабақ барысындағы іс-әрекетін бақылау, яғни, балалардың өзара қарым-қатынасын, олардың арасында болып жатқан әңгіме барысын тыңдап, берілген тапсырмаларды қадағалаудың өзі оқушыларды бағалау үшін көп ақпарат беретінін байқадым. Осының өзін іске асыру үшін де әртүрлі әдіс пайдалануыма тура келді.

Қазіргі білім беру жүйесінің ерекшелігі оның негізі - құзіреттілік, яғни білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру деуге болады. Біз оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бағалаудан оның құзіреттілік қасиетінің қалыптасуын бағалауымыз керек.

Критериалды бағалау—оқушылардың білім жетістіктерін ұжыммен келісілген, оқу үрдісіне қатысушыларға алдын-ала белгілі, оқушылардың негізгі құзіреттіліктерінің қалыптасуына жағдай жасайтын, білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес нақты анықталған критерийлер бойынша салыстыруға негізделген үрдіс.

Жоғарыдағы тұжырымдарды саралай келе, мен өзім сабақ беретін сынып оқушыларымен бірлесе отырып, әр сабақта қолданылатын бағалаудың дескрипторларын жасап алуды жөн көрдім.

Топ бойынша бағалау критерийлеріне қолданылатын дескрипторлар жасауға тапсырмалар бердім. Оқушылардың ойларын бір ортақ жүйеге келтіріп, әрбір маңызды дескрипторға 10 балдық өлшем арқылы есептейтін болып шештік.

Сонымен жасаған критериалды бағалау формасын төмендегідей етіп жасап, әр сабақта қолданатын болып шештік.

- әр дұрыс шығарылған 1 есеп–10 балл
- кері байланыста өзінің пікірін дәлелдеу-10 балл
- үй жұмысы үшін-10 балл
- белсенділігі мен дұрыс пікір ұсыну-10 балл
- түйінді сұраққа жауап беру-10 балл
- топ мүшесіне көмектесу, ынтымақтасып жұмыс жасауы-10 балл.

Біздің бағалау жүйеміз жоғарыда айтылғандай бес балдық жүйе болғандықтан, сабақ барысында жинаған балдарын бағаға ауыстыру мәселесін де қарастырдық.

Сонымен, балды бағаға ауыстыруда:

«5» -70-80 балл;

«4» -50-60 балл;

«3» -30-40 балл;

«2» -0-20 балл жинағанда деген шешім жасадық.

Балдарды неге 10-дық жүйемен қойылды деген сұраққа, біріншіден, жиынтық бағаға айналдырғанда оқушыға да, маған да тиімді болу үшін, екіншіден оқушылар көп балл жинауға ынталанады, алға жылжуға тырысады деген оймен деп жауап беруге болады.

Жоғарыда көрсетілген бағалау критерийі сабақтың кезеңдеріне байланысты жасалған болатын және оны барлық сабақтарымда қолдану оқушы білімінің нақты көрсеткіші болмайтынын ескеріп келесі сабақтарымда өтілген тақырыбымның желісі бойынша дескрипторлар құрастырып, тақырып бойынша критериалды бағалау жасадым.

Бірақ бұл әдіс сабақтың біршама бөлігін алғандықтан барлық оқушымды қамти алмадым. Оқушылардың белгілі бір бөлігін осы тақырып бойынша жасалынған бағалау бойынша жұмыстарын тексеру барысында оқушының осы критерийлер арқылы жұмыс жасау керектігін, жұмыстарының критерийлерге бағытталғанын байқай алдым.

Менің өз сабақтарымда бағалаудың келесі үлгілерін пайдаланып жүрмін.

Сыни ойлауға берілген және жаңа сабақтың мақсатын ашатын сұрақтар қою барысында, дұрыс айтылған пікірлерге, түйінді ойлар айтқан оқушыларды мадақтап, ынталандырып және олардың түсініктерін бағалап отырдым.

Атап айтқанда, оқушының берген жауабына қоса толықтыруын, жетекші сұрақтар беру арқылы білімін қалыптастыруды, одан әрі ізденуін көздеп отырдым. Бұл менің оның осы мезеттегі жұмысын қорытынды жасауға берген бағдарым деп есептедім.

Балалардың көпшілігі мақтау сүйетіні белгілі, сондықтан оның әрбір айтқан пікірін қолдап отырдым, қате берген жауабын басқа қырынан ойлатуға бағыттап, көңілін түсіріп тастамауға, баланың ары қарай сұраққа жауап беру үдерісін дамыту үшін, түсініктерін кеңейту үшін жетекші сұрақтар қойып отырамын. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыра отырып, баланы оқытуға үйрету, оның кішігірім болса да жасаған еңбектерін бағалап отыру маңызды екендігіне көзім етті.

Балларды бағаға айналдырып сынып журналына түсірдіп отырамын. Мұнда оқушылардың жұмыстарын формативті бағалаудан, жиынтық бағаға ауыстылып отыратындығы белгілі.

Сабақтың соңғы әдісі ретінде рефлексия жүргізуді алыпты ағдайға айналдырып келемі. Оқушылардың жаңа сабақ бойынша бұрыннан белгілі болған білімдерін жаңамен ұштастырып отыруға тырысамын. Мұнда оқушылардың бүгінгі сабақ бойынша түсініктерін бағалауын біледі деуге болады.

Қорыта келе, бағалау арқылы оқытуды жақсарту үшін оқушылармен кері байланысты қамтамасыз ету керек. Яғни, өтілген тақырыптарды еске түсіру арқылы жаңа тақырыпты байланыстырып, ұштастырып отыру тиімдірек. Мұғалімнің ғана емес оқушылардың да өзіндік оқуға белсенді қатысуы қажет. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгертудің маңызы зор. Балалардың өзін-өзі бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсінуі қажет. Бұл өз кезегінде білім алуға түбегейлі түрде ықпал етеді. Оқушыларға терең білім нәрін беру үшін келешекте оқушыларды бағалауда жиынтық бағалау мен формативті бағалауды қатар алып жүру керектігін ұғындым.

Критериалды бағалаудың кезеңдік және тақырыптық түрлерін барлық сабағымда қолданып отыруға тырысамын.

Алдағы уақытта да сабақ кезеңдерінде оқушылардың түсіну дәрежесін жетілдіре түсетіндей сұрақтар мен тапсырмалар беруді одан әрі дамыта беремін. Бұл менің жұмысымның нәтижесін жақсартады деген ойдамын. Оқушының бойында қалыптасуға тиісті дағды мен шеберлік мемлекеттік стандарт талабына сәйкес болу үшін мұғалім оқу-білім үрдісінде қиындықтарды жоюға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу арқылы білім сапасын арттыруға болатынына көз жеткіздім.

Әр оқушымның «жеке тұлға» болып қалыптасу жолында, өзімнің тәжірибиемді ұштап отырамын. Римдік философ Сенека Луций былай деген екен: «Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз». Менде оқушыларыма үйрете жүріп, өзімде үйренемін деп білем. Мұғалім жан жақты тұлға! Оның ойының ұшқырлығы қаншалықты терең болған сайын, оқу үдерісінің жаңалықтарында да соншалықты тың дүниелер пайда болады. Қазіргі таңда беріліп отырған, түрлі бағдарламалардың оқушы бойына дұрыс таралуы нағыз ұстаздың қолынан келетін іс деп білемін.

Таңғажайып ертегілер

АБЖАНОВА АСЕЛ КАЙРУЛЛОВНА

СҚО. Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы

Қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Бөлім	Мәдени мұра
Пәні	Әдебиеттік оқу
Сабақтың тақырыбы	Таңғажайып ертегілер
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру 4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
	Барлық оқушылар: шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжап, оның себебін түсіндіреді, кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалайды Оқушылардың басым бөлімі: ертегінің мазмұнын әрі қарай болжайды, балаға көмектесу үшін қандай қиял – ғажайып оқиға ойлап табатынын айтады, балаға мінездеме беріп, іс-әрекетін бағалайды Кейбір оқушылар: ертегі мазмұны бойынша берілген сөйлемнің қатесін тауып, түзейді, ертегідегі жақсылық үшін күрескен кейіпкерлерді атайды
Бағалау критерийі	- ертегінің мазмұнын әрі қарай болжайды, балаға көмектесу үшін қандай қиял – ғажайып оқиға ойлап табатынын айтады, балаға мінездеме беріп, іс-әрекетін бағалайды - ертегі мазмұны бойынша берілген сөйлемнің қатесін тауып, түзейді, ертегідегі жақсылық үшін күрескен кейіпкерлерді атайды
Сабақтың барысы	

Сабақтың кезеңі /уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 8 минут	(Жұпқа бөлу) «Екі дос»ертегісін оқу Үй тапсырмасын сұрау «Ханзада, ханшайым,айдаһар» әдісі Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстырады Ой қозғау «Сиқырлы сандықша» әдісі. Есіңе түсір Суреттегі кейіпкерлерге қарап, ертегінің атауын анықтандар Алтын балта, 3- сыныпта оқыған «Ақбас торғай» ертегісінің ерекшелігі неде? Таңғажайып кейіпкері бар ертегілерді ата	Тапсырманы орындайды Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады Суреттегі кейіпкерлерге қарап, ертегінің атауын анықтайды 3- сыныпта оқыған «Ақбас торғай» ертегісінің ерекшелігі туралы ой білдіреді	1балл «Бас бармақ» әдісі	Оқулық 104-106 бет Ертегі кейіпкерлері бейнеленген сурет
Сабақтың ортасы 15 мин	Аудио жазбаны тыңдау 1 тапсырма «Болжам» әдісі Түсініп оқы.Болжа. Ертегінің мазмұнын әрі қарай болжа.Балаға көмектесу үшін қандай қиял – ғажайып оқиға айтар едің?	мәтінді оқып,мазмұнын өз сөзімен айтады Ертегінің мазмұнын әрі қарай болжайды. Балаға көмектесу үшін қандай қиял – ғажайып оқиға	«Екі жұлдыз, бір тілек»	Оқулық 112-115 -беттер

<p>15 мин</p>	<p>Өз болжауыңды ертегі мазмұнымен салыстыр. Баланың әкесінің іс – әрекеті туралы не айтар едің? Балаға қандай мінездеме беруге болады?</p> <p>Оқулықпен жұмыс (Тізбектеліп оқу) Дескриптор: - мәтінді мәнерлеп оқиды (1б) - ертегіні қатесіз оқиды (1б) - дауыстап оқиды(1б) - өз болжауын ертегі мазмұнымен</p> <p>Дәптермен жұмыс «Терминдер хатқалтасы» Фантастика (грек сөзі) –қиялдау өнері. Фантастикалық шығармада шындыққа жанаспайтын құбылыстар бейнеленеді. Оның кейіпкерлері қиындықтан аман-есен құтылып шыға алады. Қиял – ғажайып ертегілердің оқиғасы фантазияға құрылады.</p> <p>Сергіту сәті (музыка) 2 тапсырма Топпен жұмыс 1 топ: Оқиға картасы</p>	<p>ойлап табатынын айтады. Өз болжауын ертегі мазмұнымен салыстырады Баланың әкесінің іс – әрекеті туралы ойын айтады, балаға мінездеме беріп, іс-әрекетін бағалайды ертегі мазмұны бойынша берілген сөйлемнің қатесін тауып, түзейді Ертегідегі жақсылық үшін күрескен кейіпкерлерді атайды, ойын мәтіннен оқып, дәлел дейді</p>	<p>«Екі жұлдыз, бір тілек» Стикермен Бағалау</p>	
----------------------	--	--	---	--

	<p>2 топ: Мінездеме диаграммасы</p> <p>3 топ: Егер мен сиқыршы болсам</p>			
<p>Сабақ тың аяғы 7 мин</p>	<p>Гугл тест «Ақылды үкі» «Білім қоржыны» (Білім қоржынына жинаған асықтарын салады.)</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді</p>	<p>«Бас бармақ» әдісі</p>	<p>Үйге тапсырма Үлкендердің көмегімен «тайды жүгендегенде», «тоқым салғанда», «ер салғанда», «айылын тартқанда» сөздеріне анықтама жаз. Жылқы малының атауларын жасына қарай теріп жаз.</p>

07.06.2022 ж. № U00044

Көркем еңбек пәнінен жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері

ИСАХАН ӘЙГЕРІМ ИСАХАНҚЫЗЫ

*Алматы қаласы Алатау ауданы
N26 жалпы білім беретін мектебінің
көркем еңбек пәні мұғалімі*

Көркем еңбек пәнін оқытуда – еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлімтәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым –қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі мақсатымыз –Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет. Адамға ең бірінші өмірлік қажеті - еңбек екенін уақыт дәлелдеуде . Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу»бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде. Біздің елімізде еңбекке үйрену – Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс –қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған . Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады. Болашақ кәсіпкер: - өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі; - азаматтық нарыққа қатыса алады; - өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы; - жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу мектептің материалдық –технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау. Ата-ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет.

Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің ісәрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден - іске көшу». Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады. Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі. Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек. Сабақ - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы. Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Инновация –оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу - оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту - оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. - оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану - сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т. б. Көркем еңбек - пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты.

Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі - қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты тандап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан. Балаларды еңбекке тәрбиелеу - қол еңбегі сабағынан басталады. Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн. Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады. Көркем еңбек сабағында жобалау әдісін қолдану Жоба - әр түрлі бөлімдерден арнайы сызбалардан, суреттерден, жасалатын бұйымның технологиялық картасынан құралуы мүмкін. Ол бұйымдарды жасаған кезде есеп, экономикалық немесе экологиялық дәлелді түсінік хаттар да пайдаланылады. Жобаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін. Мысалы, өте күрделі жобаны оқушының өзі ғана орындауы шарт емес. Сондықтан жобаның кейбір бөлігі дайын күйде берілсе, кейбір бөлімін оқушы мұғалімнің, ата-ананың көмегімен орындай алады.

Егер бір күрделі жобаны бірнеше оқушы бірлесіп орындаса, әр оқушының үлесі алдын ала анықталуы қажет. Ол оқу жылының соңында өзінің орындаған шығармашылық жобасын оқушылардың және мұғалімнің алдында қорғайды. Жобаны қорғау барысында қолданатын бұйымның ішінен қандай затты таңдап алу, ол бұйым қоғамға, өзіне достарына және ата-анасына қандай пайда келтіретіне ескеріледі. Жобалау әдістемесінің талабы: 1. Міндетті түрде шешілетін мәселенің зерттемелік, ақпараттық, тәжірибелік болуы. 2. Жобаны орындау іс-әрекетті жобалаудан басталады 3. Әр жоба оқушыдан зерттеушілік жұмысы талап етеді. Сонымен, жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі - ақпаратты іздеу болып табылады. 4. Жобаның шығуының ең соңғы сатысы - нәтиже: 5. Дайындалған жоба тапсырыс берушіге немесе қоғамдық өкілдікке көз жеткізуі керек. Шығармашылық жоба - әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс.

Шығармашылық жобаның технология пәнінде алатын орны өте зор. Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды. Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру, пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады. Оқытудың осындай идеяларын ұстанған сабақтарда оқушылар өз ойларын еркін айтатын болғандықтан, оларда түрлі пікірлер пайда болады. Олардың қандай да болмасын мүмкін қате немесе шала ойларын шыдымдылықпен тыңдап, оқушыларды сенімділікке бастау мұғалімнің басты міндеті.

07.06.2022 ж. № U00045

Communication and technology

КӨПБАЕВ НҰРТАС ЗЕЙНУЛЛАҰЛЫ






ТООӘДБ "Тілінде ауыр кемістігі бар балаларға арналған

облыстық арнайы мектеп-интернат" кмм.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі

	School:	
Date:15.10.2019	Teacher name:	
Grade:	Number present:	absent:
The theme	Communication and technology	
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	<p>7.C3 respect different points of view</p> <p>7.L3 understand more complex supported questions on a growing range of general and curricular topics</p> <p>7.L6 deduce meaning from context in supported extended talk on a range of general and curricular topics</p> <p>7.S5 keep interaction going in longer exchanges on a range of general and curricular topics</p> <p>7.S7 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a limited range of general topics, and some curricular topics</p>	

Lesson objectives	<p>All students will be able to</p> <ul style="list-style-type: none"> - use new topical vocabulary - match at least 2 communication types to the speaker <p>Most students will be able to</p> <ul style="list-style-type: none"> - match 2-3 communication types to the speaker <p>Some students will be able to</p> <ul style="list-style-type: none"> - predict possible answers during listening activity - give their opinion with the help of prompts 	
Assessment criteria	Students will be considered successful if they are able to match the types of communication in listening section with 2-3 correct answers	
Value instilled at the lesson (including Global citizenship key elements (GC))	<p>GC Knowledge and understanding: The importance of respect and protection of human rights.</p> <p>GC Skills: Understand personal strengths and weaknesses.</p> <p>GC Values and attitudes: appreciate own individuality and individuality of other people.</p>	
Cross curricular links	Kazakh and Russian languages	
ICT skills	<i>Interactive board</i>	
Previous learning	Hobbies and leisure	
Plan		
Planned timings	Planned activities (replace the notes below with your planned activities)	Resources
Beginning 10 min	<p>Warming up: Divide the class into two groups of equal size. One group should stand in a circle, looking out. The other group should stand in a larger circle around them, looking in. So the two circles of students will be facing each other, with a partner for each student. What is the Kazakh for bag? watch, laptop, ID card, keys, mobile phone, money, mp3 player, ticket Teacher asks students come to teacher's table and choose one piece of the puzzle then find the other parts of the puzzle which have other students by this way you will collect three pictures and compound three groups W Teacher asks: Look at your pictures, what are they? T elicits from Ss the theme of the lesson and introduces the LO</p>	PPT 1
2 min		PPT 2
Middle 5 min	<p>Lead – in: T asks Ss to brainstorm their ideas about What about our today's theme? Watch the video Ss –about ICT Pre – teaching: T uses flascard technique to present new vocabulary. This order is repeated for each word .</p>	PPT 3-10
20 min		

<p>13 min</p>	<p>New words: navigator- memory stick printer; camera; refrigerator.</p> <p>Touching the flashcards Write the names of the most popular gargets.</p>    <p>1 _____ 2 _____ 3 _____</p>   <p>6 _____ 7 _____</p>	<p>PPT 11</p>
<p>10 min</p>	<p>Think pair share Activity 1: Ss work in pairs. Complate the dialogue with 4 of the words.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ann:Hi Jason,. I have a question for you. Jason: OK, what's up? 	<p>PPT 12</p>
<p>10 min</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Ann:I've been having a problem with my com- puter. I know you're an engineer so I thought you might be able to help me. Jason I see. What's the problem? Ann I have a file that I can't open for some rea- son. Jason: What type of file is it? Ann: It's a Word document I've been working on. I need to finish it by tomorrow. Jason: Do you think your computer might have a virus? Ann: No, I checked and there weren't any. Jason: OK. I'm not sure what's wrong. If it's pos- sible, email the file to me and I'll see if I can get it to open. 	<p>Listening worksheet audio</p>
<p>7 min</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Ann: OK, I'll do that when I get home. Are you going to be around tonight? Jason: Yeah, I'll be home after 8PM. Send it to me when you get a chance and I'll call you later. <p>Pre – listening: T gives each S a copy with the task and give them the time to study it. Then (T <i>explains the meaning of “keep in touch”</i>) and</p>	

	<p>asks the question: <i>How do you keep in touch with your friends?</i></p> <p>T elicits from Ss what kind of information should they write in a missed spaces.</p> <p>Ss share their ideas.</p> <p>Listening: T plays the record twice and Ss match the speakers to the type of communication. T shows right answers on the PPT and Ss peer check.</p> <p><u>Answers: 1 text messages, 2 Skype, 3 a blog, 4 social networking sites</u></p> <p>Students listen again and note down the benefits and negative points the speakers mention.</p> <p>Post-listening; Students discuss the advantages and disadvantages of technology.</p> <div data-bbox="440 824 1283 1122" style="background-color: #f0f0f0; padding: 5px;"> <p>Answers:</p> <p>Benefits:</p> <p>Speaker 1: quick and cheap; texts are quiet</p> <p>Speaker 2: can see his grandchildren; it's free</p> <p>Speaker 3: a great way to tell people about your travel experiences; you can put up photos of the people you meet and the places you visit; as soon as you write the blog, people all over the world can read it</p> <p>Speaker 4: found friends she hadn't seen for years and it was great to get in touch again</p> <p>Negative points</p> <p>Speaker 1: gets annoyed when you're talking to someone and they're texting someone else</p> <p>Speaker 2: internet sometimes crashes during the phone call or he can't see the picture properly</p> <p>Speaker 3: can't do it if they can't find an internet cafe</p> <p>Speaker 4: keeps checking it when she should be working</p> </div> <p>Prompts:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ <i>I get really annoyed when you're talking to someone, but they're texting to someone else.</i> ➤ <i>Generally, I think technology is</i> ➤ <i>The only problem with my smartphone is that I keep (gerund) when I should ...</i> 	
<p>End 3 min</p>	<p>Plenary</p> <p>White-spots strategy</p> <p>Learners evaluate their achievement according LOs of the lesson. Learners write questions what was unclear and still needs some explanation.</p> <p>Homework: Learn new words. Make up sentences their own sentences. Weak Ss just make up sentences, stronger Ss have to make up a story with sentences with new vocabulary</p>	<p>PPT 13</p> <p>PPT 14</p>
<p>Additional information</p>		

Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able	Assessment – how are you planning to check learners’ learning? Formative peer assessment for the listening task: 2-3 correct answers – Achieved 1 correct answer – Working Towards	Health and safety check ICT links
<p><i>Differentiation can be by task, by outcome, by individual support, by selection of teaching materials and resources taking into account individual abilities of learners (Theory of Multiple Intelligences by Gardner).</i> <i>Differentiation can be used at any stage of the lesson keeping time management in mind</i></p>	<p>Differentiation: 1) While introducing new vocabulary strong Ss can make up their own sentences with new words. 2) In pre – listening activity strong Ss can easily predict possible words. 3) As a homework weak Ss just make up sentences, stronger Ss have to make up a story with sentences with new vocabulary</p>	<p><i>Safety rules</i></p>
<p>Reflection Were the lesson objectives/learning objectives realistic? Did all learners achieve the LO? If not, why? Did my planned differentiation work well? Did I stick to timings? What changes did I make from my plan and why?</p>		
<p>Summary evaluation What two things went really well (consider both teaching and learning)? What two things would have improved the lesson (consider both teaching and learning)? What have I learned from this lesson about the class or achievements/difficulties of individuals that will inform my next lesson?</p>		

МАЗМҰНЫ

- ТАТЕНОВА АНВАРА НАРМЕТОВНА
- ТУРСИНОВА НУРЖАМАЛ АЛТЫНХАНОВНА
- АБЖАНОВА АСЕЛ КАЙРУЛЛОВНА
- ИСАХАН ӘЙГЕРІМ ИСАХАНҚЫЗЫ
- КӨПБАЕВ НҰРТАС ЗЕЙНУЛЛАҰЛЫ